

**8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
 Пиязбаева Акмарал Бейсенкулованың
 «Экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модус»
 тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
 ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Пиязбаева Акмарал Бейсенкулованың «Экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модус» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы қазіргі тіл ғылымының өзекті зерттеу бағыттарына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы);</p> <p>2) Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы).</p>
		<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	<p>1) Диссертацияда мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғаны туралы ақпарат берілмеген.</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғаны жайлы мәлімет берілмеген.</p>

		<p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді</p> <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына сәйкес келеді.</p>
<p>2.</p>	<p>Ғылым үшін маңыздылығы</p>		<p>Диссертациялық жұмыс тілдің экономикалық сананы қалыптастырудағы, дамытудағы, трансформациялаудағы дәстүрлі және заманауи модусын салғастыра зерттеп, лингвистикалық, лингвоэкономикалық, лингвосоциологиялық және лингвомәдениеттанымдық талдау элементтерін қамтитын пәнаралық тәсілге негізделген кешенді зерттеу әдістемесін ұсынады. Ғылыми жұмыста қазақ тіл білімінде алғаш рет экономикалық сана трансформациясы дәстүрлі, заманауи, кезеңдік (кеңестік және тәуелсіздік кезең) модустары тұрғысынан талданып, экономикалық сананың құрылымдық компоненттері (когнитивтік, құндылықтық, әлеуметтік-психологиялық) ұлттық сана мен тілдік репрезентация контекстінде жүйеленген; кеңестік және тәуелсіздік кезең экономикалық лексикасының сандық және сапалық айырмашылығы салғастыра талданып, дәлелденген; тілдегі экономикалық концептілердің (еңбек, бай, байлық, табыс, нарық, бәсеке, меншік, инвестиция концептілері) мағыналық өрісі мен мәдени репрезентациясы әр модуштағы трансформациясы көрсетілген. Диссертант энциклопедиялық және лексикографиялық еңбектерді негізге ала отырып, тілдік қауымдастықтың экономикалық санасын тарихи кезеңдерге жіктеп талдаған, сонымен қатар қазіргі қазақтілді бизнес өкілдерінен алынған сұхбат пен тұтынушылардан алынған сауалнама нәтижелері негізінде экономикалық сана трансформациясының тілде көрініс табуын және ұлттық дүниетанымдағы экономикалық концептілерді интерпретациялаудың жаңа ғылыми бағдарларын айқындаған.</p>

			<p>Ғылыми жұмыстың тіл мен экономиканың байланысын зерттейтін аралық сала – лингвоэкономиканы дамытуда қазақ тіл білімі үшін маңыздылығы жоғары, зерттеу нәтижелері тіл ғылымының когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвосоциология, лингвомәдениеттану, лингвоэкономика, әлеуметтік лингвистика, психоллингвистика салаларындағы зерттеулердің теориялық-әдістемелік негіздерін тереңдетуге елеулі үлесін қосады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзі жазу принципі алдымен зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес бағамдалады. Зерттеу пәні ретінде экономикалық сананың тілдегі репрезентанттары: тілдік бірліктердің түсіндірме-лексикографиялық және энциклопедиялық еңбектердегі көрінісі таңдалып, экономикалық дискурста тән тілдік бірліктерді (сөз, ағау, фразеологизмдер, паремиологизмдер, термин) теріп, іріктеліп, жүйелілігі, жіті талдау жасаған. Сонымен қатар диссертациялық жұмыста қазіргі қазақтілді кәсіпкерлік дискурсты ерекшелігін кең ауқымды (180 148 сөзқолданыстан тұратын электронды мәтіндер, медиа-тұлғалардың экономика, сауда, қаржы, кәсіпкерлік тақырыбындағы сұхбаттары және қазақтілді тұтынушының бейнесін анықтау мақсатында 5233 респондент қатысқан сауалнама нәтижелері) деректер базасы түзіліп, қолданыс жиілігі шығарылған. Зерттеу ерекшелігіне бейімделген замануи деректерді талдау диссертанттың ғылыми тұжырымдарының дәлелді, жаңашылдық деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді. Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген және олардың арасында тығыз логикалық байланыс бар. Ізденуші А.Б. Пиязбаеваның диссертациялық жұмысын өзі жазу қағидаты тұрғысынан жоғары деп бағалаймыз.</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертациялық жұмыста қазақ тіл ғылымында алғаш рет қазақ лингвистикасын әлемдік лингвистикамен және басқа ғылым саласы – экономикамен байланыстыра зерттелуі және экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясының модус категориясымен сабақтастырыла қарастырылуы зерттеу жұмысының өзектілігін, ғылыми өміршеңдігін, әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі айқын, логикалық байланысы сақталған, жүйелі орындалған ғылыми жұмыс деп айтуға толық негіз бар. Диссертацияның өзектілігі жан-жақты негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. 	<p>Тақырып құрылымы бойынша логикалық түрде өзара байланысқан үш бөлімде айқын көрінеді: бірінші бөлімде экономикалық сананы зерттеудің лингвистикалық негіздері қарастырылады; екінші бөлім экономикалық сана трансформациясының дәстүрлі және замануи модус тілдеріндегі репрезентациясына арналған; үшінші бөлімде экономикалық сана трансформациясының кеңестік және тәуелсіздік кезең модус тілдеріндегі репрезентациясы талданады. Зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ғылыми-логикалық тұрғыда сабақтаса байланысқан. Диссертацияның әр бөлімінде қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбын толыққанды айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген. Зерттеудің мақсатына сәйкес экономикалық лексиканың квалитативті, квантитативті, семантикалық трансформациясы, қазіргі қазақ кәсіпкерлік дискурс мәнінің лингвостатистикалық сипаттамасы, қазақ тіліндегі экономикалық атау, ұғым, терминдердің әр кезеңдегі, модустағы мағыналық өрісі мен өзгерісі, дәстүрлі модус пен</p>

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>заманауи модустың айырмашылығы зерттеліп, тілдің экономикалық сананың модельдеуші тегі екенін қалыптасқан теориялық тұжырымдар арқылы негіздеген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Диссертацияның бірінші бөлімінде («Экономикалық сананы зерттеудің лингвистикалық негіздері») ұлттың экономикалық санасы және экономикалық сананың құрылымдық компоненттеріне сипаттама беріліп, тілдің экономикалық сана қалыптастырудағы рөлі айқындалған, тіл мен экономиканың тоғысқан тұстарын айқындайтын еңбектерге шолу жасалып, зерттеудің заманауи бағыттары мен әдістері сарапталған. Тілдік репрезентация негізінде экономикалық сананың кезеңдестірілуі, экономикалық санадағы өзгерістерді оның лексикалық репрезентациясы арқылы айқындалатыны дәлелденген. Екінші бөлімде («Экономикалық сана трансформациясының дәстүрлі және заманауи модус тілдеріндегі репрезентациясы») «модус» ұғымының мән-мазмұны түсіндіріліп, қазіргі лингвистикалық зерттеулердегі модус ұғымына қатысты теориялық көзқарастарға шолу жасалған, қазақ халқының ұлттық экономикалық санасындағы дәстүрлі модус пен заманауи модус салыстырыла, сабақтастырыла талданып, нақты тілдік деректермен дәйектелген. Диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімі («Экономикалық сана трансформациясының кеңестік және тәуелсіздік кезең модус тілдеріндегі репрезентациясы») тілдік қауымдастық экономикалық санасының кеңестік және тәуелсіздік кезеңдер лексикасындағы көрінісін квантитативті және квалитативті лингвистикалық талдауларға негізделген. Кезеңдік модуста экономикалық ұғымдар жиілігі анықталып, салыстырылып, ұлттық экономикалық сананың</p>
--	--	--	--

			<p>трансформациясының қазіргі ахуалы мен ұлттық экономикалық мәдениетті көтерудегі мемлекеттік тілдің әлеуетіне қатысты тұжырымдар жасалған. Нәтижесінде, диссертацияның барлық бөлімдеріндегі ой-тұжырымдар мен қорғауға ұсынылған нәтижелер біртұтас ғылыми ұстаным аясында жинақталып, зерттеудің мазмұндық тұтастығы мен құрылымдық үйлесімділігін қамтамасыз етеді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденген, өзіндік тұжырымдары тың пайымдаулары, сыни талдаулары бар.</p> <p>Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойған мақсағтары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Солардың ішінде назар аударатыны, Біріншіден, экономикалық сананың тілдік репрезентациясы модустық тұрғыда алғаш рет кешенді зерттелген. Екіншіден, дәстүрлі-заманауи, кеңестік-тәуелсіздік кезеңдерге жіктеліп талданған. Үшіншіден, экономикалық лесиканың квалигативті, квантативті, семантикалық трансформациясын дәйектейтін нәтижелер алынған. Төртіншіден, қазіргі қазақ кәсіпкерлік дискурс мәтінінің лингвостатистикасы жасалған. Бесіншіден, экономикалық сананың ұлттық ерекшелігін, өзгерісін жоғары жиілікті сөздер мен өзекті концептілер салаластығы негізінде нақтылаған. Ендеше, диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа деп айтуға негіз бар.</p>

	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған тілдік талдауларға негізделеді. Тұжырымдардың барлығы жұмыстың қорытынды нәтижелерінің жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста экономикалық сана трансформациясының тілдегі көрінісіне, ұлттық дүниетанымдағы экономикалық концептілерді интерпретациялаудың жаңа ғылыми бағдарларына негізделген тәжірибелік зерттеу жүргізілуі техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдерге тікелей қатысты болмаса да, ғылыми басқару шешімдері мен теориялық әдіснамалық негіздемелер тұрғысынан ұсынылған шешімдер толығымен жаңаша, ғылыми негізделген және жүйелі деп бағалауға болады.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Пиязбаева Ақмаралдың диссертациясында келтірілген пікірлер кең көлемді және сенімді дереккөздерге сүйеніп, нақты мысалдармен жан-жақты дәйектелген. Диссертацияның соңында жұмыстың толық мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне негізделген көлемді қорытынды берілген. Зерттеу жұмысының қорытындылары тіл біліміндегі теорияларға сүйену, тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан айтылған пікірлерді зерделеу, нақты тілдік деректерді сараптау негізінде тұжырымдалған. Олар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге, атап айтсақ, тілдік, этникалық, мәдени және әлеуметтік-экономикалық деректерге негізделген және шынайылық дәрежесі жоғары.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p>	<p>7.1 Диссертацияда ұсынылған әрбір ереже жеткілікті ғылыми дәйектермен дәлелденген:</p>

	ережелер	<p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>1. Тіл экономикалық қатынастармен тығыз байланысты. Алайда бүгінге дейін экономикалық сананың тілдік репрезентациясы – экономикалық ұғымдардың, концептілердің, терминдердің ұлттық тілде бейнеленуі мен семантикалық когнитивтік құрылымдары жеткілікті деңгейде зерттелмей келеді, сонымен қатар соңғы жылдары Қазақстанда орын алған экономикалық өзгерістерге байланысты тілге енген жаңа ұғымдар, терминдер, метафоралардың тілтанымдық сипатын, қолданысын зерттеу өзекті. Диссертациялық жұмыста экономикалық сананың ұлттық ерекшелігін, тілдік репрезентациясын модустық тұрғыда зерттеп, дәстүрлі-заманауи, кеңестік-тәуелсіздік кезеңдерге жіктеп, талдап ұсынуы тілдік, теориялық материалдар арқылы дәлелденген.</p> <p>2. Кеңестік және тәуелсіздік кезеңдердегі экономикалық лексикасының квалитативті, квантитативті, семантикалық трансформациясын ерекшелейтін кеңестік кезеңнің түсіндірме сөздіктеріндегі экономикалық ұғымдар мағыналық жағынан шектеулі, семантикалық өрісі тар, ал тәуелсіздік кезеңіндегі лексикографиялық сөздіктер деректерінде экономикалық сананың тілдік репрезентацияларының мағынасы кеңейіп, жаңа бірліктерді қалыптасқандығын дәйектейтін сөздік деректерімен дәлелденген.</p> <p>3. Қазіргі қазақ кәсіпкерлік дискурс мәтінінің лингвостатистикалық сипаттамасы жасалған. Жоғары жиілікті сөздер қазіргі қазақ экономикалық санасының сөздіктерде тіркелген өзекті (ядролық) концептілерін құрайтыны дәлелденген. Көрсетілген жиілігі жоғары ағаулар қазіргі қазақтілді кәсіпкерлік дискурста тән белсенді лексика, қазақтілді тіл иелмелдерінің санасына берік орныққан ұғымдар деп тұжырымдалған, тілдік материалдар арқылы дәйектелген.</p> <p>4. Қазақ тіліндегі экономикалық ағау, ұғым, терминдердің әр кезеңдегі, модустағы мағыналық өрісі мен трансформациясы</p>
--	----------	--	---

салыстырылып. еңбек, нарық, бай, байлық, сауда, саудагер, көпес, табыс және т.б. сияқты экономикалық сөз-концептілердің семантикалық дамуы, олардың ұлт дүниетанымыда белсенді лексикалық бірліктерге ауысқаны нақты мысалдар арқылы дәлелденген.

5. Ұлттық экономикалық мәдениет пен шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін көрсететін дәстүрлі модус пен заманауи модустың айырмашылығын репрезентациялайтын тілдік бірліктер анықталған.

6. Тіл – экономикалық сананың модельдеуші тетігі екені лингвоэкономика саласы аясында қалыптасқан теориялық тұжырымдар арқылы негізделіп, алғаш рет қазақ лингвистикасында тіл экономикалық сананы қалыптастырушы, шаруашылық жүргізу қатынастарындағы өзгерістерді репрезентациялаушы, ұлттық экономикалық мәдениетті трансформациялаушы құралы ретінде қарастырылған, тіл мен экономиканың өзара байланысын анықтайтын лингвоэкономикалық методологиялары көрсетілген. Зерттеуде ілгеріде ағалған ережелердің барлығы дәлелденген.

7.2 Ғылыми жұмыста келтірілген дәлелдер **тривиалды емес.**

7.3 Зерттеу жұмысында келтірілген ережелер – **жаңа.**

7.4 Диссертацияның негізгі ережелерінің қолданылу деңгейі **ауқымды, кең.**

7.5 Зерттеудің негізгі нәтижелері **мақалаларда мақалаларда дәлелденген.** Зерттеу жұмысы бойынша Скопус (Scopus) деректер қорындағы басылымдарда 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда 5 мақала жарияланған. Барлық мақала диссертация тақырыбына сәйкес және жүргізілген зерттеу барысында дайындалған, қорғауға ұсынылған ережелер толық дәлелденген.

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу жұмысының әдіснамасы толық әрі нақты жазылған, негізделген. Отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі, қолданбалы зерттеулері, теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған, тілдік қауымдастықтың экономикалық санасындағы өзгерістер тілтанымдық және пәнаралық әдіс-тәсілдер арқылы, нақты деректермен дәйектелген. Келтірілген теориялық мәліметтер мен тілдік деректердің қолданылуы жұмыстың кешенді түрде қарастырылғанын көрсетеді.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеудің теориялық қорытындылары мен нәтижелері, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар тілдік деректер арқылы дәлелденген. Олар: энциклопедиялық және лексикографиялық еңбектердегі экономикалық дискурсқа тән тілдік бірліктер экономикалық сана репрезентанттары және 180148 сөзқолданыстан тұрағын электронды мәтіндер, медиа-тұлғалардың экономика, сауда, қаржы, кәсіпкерлік тақырыбындағы сұхбаттары мен олардың жиілігін айқындайтын сандық технология жолымен алынған есептік нәтижелер, 15 шағын кәсіп иесі қатысқан сұхбат мәліметтер, 5233 респондент қатысқан сауаланама деректері.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы маңызды тілдік деректер, теориялық тұжырымдар сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме</p>	

		<p>сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>жасау арқылы расталған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нысанына қатысты ғылыми шолу жасауға, сараптауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардың еңбектері, барлығы 234 әдебиет қолданылған, сілтеме жасалған және диссертациялық жұмысты рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы оның әлеуметтік лингвистиканы, лингвоэкономиканы дамытуға қосқан үлесімен, сондай-ақ Қазақстанның жаңғыру жағдайында және жаһандану үдерісінің ықпалында ұлттық экономикалық мәдениетті қалыптастыруға қатысты тұжырымдамалық аппаратты тереңдетуі мен жүйелеуімен бағамдалады. Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар, ғылыми қажеттілігі басым.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеудің қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін тіл білімі пәндерін оқытуда, лингвоэкономикалық сөздіктер, лексикографиялық еңбектерді құрастыруда қолдануға болады. Сонымен қатар тіл саясатын жетілдіру, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-экономикалық дискурстағы қызметін кеңейту және қазақ тілінің қазіргі заман талаптарына сай функционалдық әлеуетін арттыру бағыттарында қолданбалық маңыздылығы басым деп санаймыз.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеудің практикалық талдаулары, ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертациялық жұмыста 1546 тілдік бірлік жинақталып (лексикалық бірліктер, терминдер, неологизмдер, кірме сөздер, сөз тіркестері, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, атаулар) практикалық талдаулар жүргізілген, «Forbes – Қазақстан» бизнес-журналынан 180 мың сөз қолданыстан</p>

			<p>тұратын электронды мәлімдер базасы жасақталып, жиналған мәтіндердің жиілігі шығарылған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс заманауи ғылыми зерттеулердің жалпыға ортақ қабылданған талаптарына толығымен сәйкес келеді.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияның мазмұнына қатысты ұсыныс-ескертулер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Зерттеу жұмысында тілдік тұлға «тіл иелмені», «тіл тұтынушы», «қазақтілді тұтынушы» нұсқаларында қолданылған. Америкалық ғалымдар тілдік тұлғаны «native speaker» (тіл иелмені) және «non native speaker» (тіл иелмені емес) деген екі санатқа бөліп қарастырады. Осы терминдердің зерттеудің мақсатына сай мағынасын ашып көрсетіп, қолданыс стилін түсіндіріп өткен жөн. 2. Диссертация құрылымында 1-бөлім бойынша қорытынды бөліп көрсетілген, қалған бөлімдерде тарауша соңында түйін жасалған. Сондықтан бірізділік ұстанымын сақтай отырып, әрбір бөлімнің соңында зерттеу нәтижелерін тұжырымдаған жөн. 3. Қазіргі кезде лингвэкономикалық зерттеулердің заманауи бағыттары қалыптасып үлгерді. Тілдік капитал, тіл саясаты, көптілділік, еңбек нарығындағы тілдік құзыреттілік, туризм саласындағы тілдік қызмет көрсету – бұлардың барлығы да осы саланың өзекті зерттеу нысандары болып табылады. Диссертациялық жұмыс қорытындысында қазақ тіл білімінде лингвэкономиканы дамытудың болашақ бағдарын ұсынғаны дұрыс болар еді. Алайда бұл айтылған ұсыныс-ескертулер жалпы жұмыстың құндылығы мен деңгейіне нұқсан келтірмейді. Диссертанттың келешектегі ғылыми жұмыстарында назарға алынғаны тиімді.

12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Диссертация бойынша алынған нәтижелер мен қорытындылар бойынша 12 мақала жарық көрген. Оның ішінде Скопус (Scopus) деректер қорындағы басылымдарда (1 мақала), ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда (5 мақала) және шетелдік басылымдар (3 мақала) мен халықаралық конференциялар жинақтарында (3 мақала) жарияланған. Жарияланымдардың барлығы зерттеу тақырыбын қамтиды, бөлімдердің мазмұнымен сәйкес келеді, ғылыми деңгейі жоғары.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Пиязбаева Ақмарал Бейсенкулованың «Экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модус» тақырыбындағы диссертациясы «Ғылыми дәрежелерлі беру қағидаларының» барлық талаптарына толықтай сәйкес келеді және оның авторы 8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>

Ресми рецензент:

Филология ғылымдарының докторы,

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының профессоры



Г.Т. Шоқым

17.02.2026